

## Тақырыбы:

Гепатит А вирусы (АГВ-НАУ)

С гепатит вирусы (НСV)

G - гепатит вирусы (HGV)

E гепатит вирусы (HEV)

Тобы:302 топ

Орындаған: Әбдірова Ақерке



Острый гепатит В

Хронический гепатит В

Цирроз печени

Рак печени

6 месяцев после инфицирования

20 лет

30 лет

# Гепатит А вирусы

---

Гепатит А-фекальды-оральды жолмен берілетін, бауыр жасушалары зақымданып, морфологиялық бұзылыстар туындап, жедел гепатит белгілері дамидын жұқпалы вирусты ауру. Алғашқы рет бұл кеселдің жұқпалы екендігі туралы мәліметті С.П. Боткин баяндаған, сондықтан оны "Боткин ауруы" деп атайды. Бауыр зақымдануы нәтижесінде дене сарғаюы болатындықтан, тұрғындар арасында бұл індетті «сары ауру» дейді. Гепатит А вирусын 1973 жылы С.Фейнстон ашқан.



# Таксономиясы

---

- *Тұқымдастығы*- Picornaviridae
- *Туыстастығы*: Hepatovirus
  - *Түрі*: Hepatovirus A

# Морфологиясы

---

Вирионы сфера пішінді, мөлшері 25-27 нм, өте ұсақ вирустар тобына жатады. Геномы сегменттелмеген +РНҚ молекуласынан тұрады. Нуклеокапсиді 4 ақуыздардан (УР-1-4) тұратын капсомерлерден құрылған, куб типтес симметриялы. Суперкапсиді жоқ.



# Резистенттілігі

---

Гепатит А вирусы сыртқы орта жағдайына төзімді, 21° С- та бірнеше апта бойы сақталады, 85° С-та белсенділігін толық жояды. Төменгі температурада жақсы сақталады. Хлордың әсеріне төзімді, сондықтан тазартылған ауыз суларда сақталу қабілеттілігі бар. Формалиннің және УКС әсеріне сезімтал.



# Эпидемиологиясы

*Инфекция көзі* - індеттің айқын немесе симптомсыз түрімен ауырған адамдар. Жұғу механизмі-фекальді-оральды, яғни ластанған тағамдар, су, тұрмыстық заттар, қол, ойыншықтар арқылы жұғады. Вирустың су және тағамдар арқылы таралып эпидемиялық бұрқетпелер қоздыру қабілеттілігі бар. Гепатит А вирусы тұрғындар арасында едәуір деңгейде айналымда болады. Жазғы және күзгі айларда науқастанушылық деңгейі көтерілетіні байқалады. Көбінесе балалар жиірек ауырады. Жасырын кезеңнің соңында және ауру басталған кездің алғашқы күндерінде (дене сарғаюы басталғанға дейін) науқас адамның айналасындағыларға жұқтыру қаупі өте күшті. Себебі, бұл кезде вирус нәжіспен мол бөлінеді.



# Патогенезі, клиникалық көріністері

Вирус асқазан-ішек жолдарына ас тағамдары немесе су арқылы түседі де, жіңішке ішектің шырышты қабаттарында және регионарлық лимфа түйіндерінде өсіп-өніп көбейеді (реплицирленеді). Сонан соң, қысқамерзімді вирусемия фазасы басталады. Қанда вирустың ең жоғарғы деңгейде концентрациялануы инкубациялық кезеңнің соңында және сарғаю алды кезеңінде байқалады. Бұл кезде қоздырғыш (вирус) нәжіспен сыртқа шыға бастайды. Цитопатогендік әсер ету нысанасы негізінде гепатоциттер болып табылады. Вирустың бауыр жасушаларының цитоплазмасында репродукциялануы гепатоциттерді бұзылысқа ұшыратады. Гепатоциттерді зақымдануына NN-жасушалар (табиғи киллерлер) да қатысады. Вирустың әсерінен индуцирленген интерферонмен өзара әсерлесу нәтижесінде NK жасушалардың белсенділігі артады.

Аурудың жасырын кезеңі 15-тен 50 күнге дейін, көбінесе 1 ай шамасында болады. Кесел жылдам басталады, температурасы көтеріледі, асқазан-ішек жолдарының қызметі бұзылады (лоқсу, құсу т.б.). Кеселдің 5-7 күндері дене сарғаюы байқалуы мүмкін. Ауру көбінесе жеңіл түрде, асқынуларсыз өтеді, 5 жасқа дейінгі балаларда симптомсыз түрде кездеседі. Ауру 2-3 аптаға созылады, асқынулар байқалмайды.

*MedicalPlanet.ru*

— медицина для вас.



# Иммунитеті

---

Ауырып тұрғаннан кейін өмірбақилық гуморальды иммунитет қалыптасады. М-иммундыглобулиндер (IgM) ауру басталғаннан кейін 3-4 айдан соң қан сарысуында азайып жойылады, ал IgG көп жылдар бойы сақталады. Нәрестелердің қан сарысуында 1 жасқа дейін анасынан плацента арқылы берілген вирусқа қарсы антиденелер табылады. Гуморальдық иммунитеттен басқа ішек жолында жергілікті иммунитет (s' Ig A) дамиды.



# Алдын алуы

---

Ішек инфекцияларына қарсы жалпы медициналық бейспецификалық профилактикалық шаралар жүргізіледі. Спецификалық алдын алу мақсатында вакцина егу қолданылады. Ол үшін инактивацияланған және рекомбинантты яғни гендік-инженерлік вакциналар пайдаланылады.

# Е гепатит вирусы (HEV)

---


ЕГВ- бауырды зақымдайтын, организмнің жалпы улануын, сирек жағдайда дене сарғаюын тудыратын жедел жұқпалы ауру қоздырғышы. Алғашқы рет вирустың сипаттамасын М.С. Балаян (1983 ж.) анықтады.



# Морфологиясы

---

Вирионының сыртқы қабықшасы жоқ, сфера пішінді, капсиди икосаэдр типтес, диаметрі 27 - 34 нм. Геномы сигменттелмеген біржіпшелі РНҚ - нан тұрады, ол РНҚ тәуелді РНҚ - полимеразаны, протеазаны және вирустың жасушаға енуін қамтамасыз ететін трансмембраналық ақуызды кодтайды.




## Эпидемиологиясы, клиникалық көріністері

---

(әсіресе III триместрде) кесел асқынып, өлімге әкелуі мүмкін. Процестің ЕГВ эндемиялық бұрқетпелер қоздырады. Инфекция көзі - ауру адам. Негізінен ластанған су арқылы беріледі. Жасырын кезеңі 2 -6 аптадан аспайды. Дәл диагноз қоюға мүмкіндік беретін клиникалық симптомдар байқалмайды: жалпы мазасыздану сирек жағдайда дене сарғаюы болады. Жүкті әйелдерде созылмалы түрге айналуы байқалмаған.





# Микробиологиялық диагноз қою


---

Зерттелетін материал - науқастың қаны мен қан сарысуы. Вирустың репликациялануын көрсететін маркерлер - Е гепатит вирусына қарсы пайда болған антиденелер және вирустық РНҚ. Вируспен инфицирленгеннен кейін 10-12 тәуліктен бастап ИФТ әдісімен вирус - спецификалық иммундыглобулиндерді анықтайды. Олардың диагностикалық титры 1 -2 ай бойы сақталады. ЕГВ -ның антигендеріне қарсы G класына жататын антиденелер науқас ауырып тұрғаннан кейін 1 айдан соң табыла бастайды. Вирустың РНҚ - н ПТР және молекулалық гибридизациялау әдістерімен анықтайды, бірақ оларды сарғаю кезеңінде табу мүмкін емес.

# Алдын алуы

---

Жалпы медициналық сақтану шаралары жүргізіледі: санитарлық - гигиеналық жағдайларды жақсарту, сапалы сумен қамтамасыз ету және т.б. Спецификалық профилактика мақсатында бүтін верионды өлі вакцина жасалған. Рекомбинантты және тірі вакциналар жасау үшін зерттеулер жүргізіліп жатыр.



Рахмет!